

Бекітемін
«Балдаурен» бөбекжай бақшасының
меңгерушісі м.у.а. *Жасол* Р. Жылысбаева
« 1 » 10 2024 жыл

«Менің Қазақстаным!»

Мерекелік іс-шар



Тәрбиешілер: Бидаулетова П
Ходжакулова Р

2024-2025 оқу жылы

Мерекелік іс -шара; " Менің – Қазақстаным"

Мақсаты: Балаларға Қазақстан Республикасы туралы білім беру.

Балалардың тіл байлығын, сөзді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту, туған елін, жерін сүйуге тәрбиелеу.

Көрнекіліктері: Қазақстан картасы, рәміздер, суреттер, отан туралы мақал-мәтелдер.

- Арайлап таң атты,

Алтын сәуле таратты

Жарқырайды күніміз,

Жарқырайды даламыз

Біз бақытты баламыз,-дей отырып, « Менің –Қазақстаным » атты тәрбие сағатымызды ашық деп жариялаймыз.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны орындалады.

-Балалар ,сендер қандай ән орындадыңдар?

-Қазақстан Республикасының әнұранын орындадық.

Дұрыс айтасыңдар,балалар .Әрбір республиканың өз ерекшелігін білдіретін әнұраны,туы,елтаңбасы болады. Біз оны рәміздер деп атаймыз. Осы рәміздер туралы жеке-жеке түсінік беріп өтейін.

-Мынау - біздің туымыз. Тудың түсі аспанның түсіне ұқсайды.Көк аспандай көгілдір,ортасында күн,астында бүркіт ұшып келе жатыр.

- мынау - елтаңбамыз. Елтаңбада шаңырақ,күн сәулесі, бес бұрышты жұлдыз, «Қазақстан » деген жазу бар.

- Балалар, біздің Отанымыздың астанасы қай қала ?

- Астана қаласы

- Ел бөбегі бүлдіршін жас баламыз,

Астанамыз Астана –бас қаламыз.

- балалар, үлкен мерекелерде туымыз көтеріліп,әнұранымыз орындалады.Рәміздерімізді үлкен де,кіші құрметтеп жоғары ұстауы тиіс.Ал әнұранды біз білеміз.Сендер елтаңба мен туды әрқашан қастерлеуге тиіссіңдер.Қазақстан республикасының рәміздері туралы кім тақпақ біледі?

Айыда:

Көк туымыз бетінде,

Қыран бүркіт қанатты.

Сол қырандай еркіндеп,

Біз өсеміз талапты.

Алфия.

Айнымайды аспаннан,

Біздің тудың бояуы.

Оны халық қашанда,

Биікке іліп қояды.

Айсұлтан:

Елтаңбасы елімнің ,

Қандай әйбат әдемі

. -Жарайсыңдар, балалар. Біз Қазақстанда тұрамыз,демек, Отанымыз -Қазақстан.халқымызда

"Отан отбасынан басталады» деген мақал бар.Сендер үлкен болып өскенде Отанымызды

қорғайтын азамат боласыңдар.Отан деген не?Қалай түсінесіңдер?

Иса: Отан деген менің үйім,туған жерім.

Айда: Менің жүрегім Отан деп соғады.

Берикқали: .

Отан деген –Атамекен,

Отан деген-туған жер.

Отан –ана,отан –үлкен,

Қазақстан - туған ел.

- Балалар ,Қазақстан Республикасының ел басшысы кім?

- Қасым -Жомарт Кемелұлы Тоқаев атамыз

Елбасымыз туралы кім тақпақ біледі ?

Балназым :

Шықты тарап ой данадан,

Бер қарады жұлдыз беті,

Өзі қалап сайлап алған,

Елімнің бар президенті.

- Балалар, өте жақсы. Егеменді елдің басты белгісі-тіл. қазақ тілі мемлекеттік тіл болып саналады. Қазақ тілі –біздің ана тіліміз.

Айша:

Тілім барда мақтанам,
Тілім менің аппақ ән
Бірлігім бүгінгі,
Ана тілім сақтаған.

Арыстан:

Ана тілің арың бұл,
Өзге тілдің бәрін біл
Өз тіліңді құрметте.

- Балалар, сендер отан туралы жан-жақты білетіндеріңді көрсеттіңдер. Енді сендер Отан туралы мақал-мәтел айтайық.

Отан –оттанда ыстық.

Отан –елдің анасы,

Ел-ердің анасы.

Туған елдей ел болмас,

Туған жердей жер болмас.

- Міне, балалар, өміріміздің жалғасы, еліміздің қорғаны, тірегі болыңдар.

Құрметті ұстаздар! Абай атамыз айтқандай «Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тапта, бар қалан»деп, бүгінгі бүлдіршін балаларымыз қоғамымызға кірпіш болып қалана берсін деген тілекпен мерекелік іс-шараны аяқтаймыз.